

Бекітілді:
№ 23 «Балалар» зертханасының
менгерушісі: Умарбаева Р. Ж.
// .08.2020



**2020 – 2021 оқу жылына арналған ортаңғы «Балапан» тобының
вариативтік бөлім жоспары**

«Бала тілі»

2020 – 2021 оқу жылы.

Түсінік хат

Балаларға арналған көркем шығармалар- баланы шынайы болмыстағы нақты әрекеттерден тысқары тұрған шалқар кеңістіктегі сан алуан құбылыстар мен адамдар әрекетімен таныстыра отырып,оны көркемдеп, баяндап, сонымен бірге баланың сөздік қорын молайтып,тілін дамытады.Көркем шығармалар қоршаған әлемді, дүниенің тұтас күшін танытумен бірге,сан алуан күйде ондағы заттармен құбылыстардан хабардар етеді.Мұндай шығармалар ересектер мен балалардың бірлескен әрекеттерінің мазмұнын байыта түседі.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік- эканомикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңестігіне шығу – білім беру саласында, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту талабына сай өзгерістер еңгізуді талап етіп отыр.Қазіргі таңда қоғамның ғылыми жаңалықтар мен иновациялық техналогиялар, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласында да, заман талабына сай, технологиямен қамтамасыз ететін кез келді.

«Зерек бала» бағдарламысының ұстанымдарына сүйене оырып жасалған:

- Мемлекеттік ана тілін үйренуі
- Сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдану
- Тілдің грамматикасын дұрыс сақтау
- Өз ойларын дұрыс, қысқаша жеткізе білу
- Қарым- қаатынас мәдиенетінің қарапайым дағдыларын дамыту.

Тақырыптық жоспары 36 сағатқа бөлінген.Ол аптасына 1 рет өтеді. Тақырыбы мен сағат саны жоспарда көрсетілген.

Мақсаты:

Мемлекеттік және ана тілін үйреніп, үлкендермен және құрдастармен қарым-қатынас жасауға талпынысы бар. Мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптасыру.

Халық ауыз әдебиеті мен балалар шығармаларымен таныстыру. -Жақсылық, өзара көмек, достық туралы дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері:

-Барлық дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуға үйрету;

-сөздік қорын байытып, сәйлеу барысында;

- өз ойларын дұрыс, толық және қысқаша жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеуге үйрету. –Шығармашылық тілді дамыту.

-Халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті арқылы адами қарым-қатынас әлемімен таныстыру. –Ертегі, өлең әңгіме,мақал – мәтел,жұмбақ,сахыналау кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатнастарын бағалауға тәрбиелеу.

-Үлкендермен құрдастарымен жайдары әңгімелесе білу дағдыларын қалыптастыру.

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдар	Сағат саны
Қыркүйек	1-апта	«Күз» (сурет бойынша әңгіме)	Күз мезгілі туралы түсінік беру. Сөйлемді толық,анық айтуға үйрету. Есте сақтау қабылеттерін дамыту.зейін қойып тыңдауға тәрбиелеу.	Күз бейнеленген суреттер. Түрлі-түсті жапырақтардың суреттері.	1
	2-апта	«Көкөністер мен жемістер» (сурет бойынша әңгіме)	Көкөністер мен жемістер туралы түсінік беру. Көкөністердің бақшада,жемістердің бақта өсетіндігін түсіндіру.Сөздерді дұрыс колдана білуге үйрету.	Көкөністер мен жемістер суреттері,муляждар.	1
	3-апта	«Балабақша өз үйіміз» Өлең.	Тақпақтың мазмұнын түсіне отырып, жатқа айта білуге үйрету. Мәнерлеп айта білуге қалыптастыру. Есте сақтау қабылеттерін дамыту.	Балабақша суреттері,әртүрлі ойыншықтар.	1
	4-апта	«Адасқан Қызыл телпек» Ертегі.	Қызыл телпек ертегін балаларға оқып беру. «У» дыбысымен таныстыру және әртүрлі дауыс ырғағымен айтуға үйрету. Есте сақтау қабылеттерін дамыту. Зейін қойып тыңдауға тәрбиелеу.	Қызыл телпек қуыршағы.Ормандағы қызыл телпек пен қасқырдың суреті.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
Қ а з а н	1 -апта	«1 саны және цифры»	1цифры туралы білімдерін одан әрі бекіту,заттардың санын білу.1 санын есте қалдыру үшін қоршаған ортадан ұқсастықтарды көбірек табу керектігін үйрету.Бір және көп затты ажырата алатын және есте сақтау қабілеттерін дамыту	Жұмыс дәптер, қарындаш,көрнекі құралдар.	1
	2 -апта	«Биік-аласа»	Балаларға биік-аласа ұғымдарын қалыптастыра отырып,таным заттарды биіктігіне қарай салыстырып оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау.. Белсенділік пен зейін қоюға тәрбилеу.	Жұмыс дәптер, қарындаш,көрнекі құралдар.	1
	3- апта	«Жоғарыда,төменде,ортада»	Балаларды сөредегі заттардың орнын анықтау және сөзбен баяндауға дағдыландыру. (жоғарыда,төменде,ортада),логикалық жұмбақтар шешуге үйрету және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қарындаш,көрнекі құралдар, жұмбақтар шешу.	1
	4- апта	«Шеңбер»	Балаларға геометриялық пішін-шеңбер туралы өткенді пысықтау және басқа геометриялық пішіндердің арасынан табу.Санамақтар айту арқылы сөздік қорларын жетілдіру.	Жұмыс дәптер,қарындаш,көрнекі құралдар,санамақтар айту.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
Қ а р а ш а	I -апта	Үйдің суретін саламыз.	Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу. Сурет салуға қызығушылығын арттыру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, гуашь.	1
	II -апта	Күз бейнесі.	Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру, күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын суретте бейнелеп көрсете білу дағдыларын қалыптастыру. Суретке мазмұн бере білуге және жіңішке қылқаламмен бүтін және жартылай сопақшадан тұратын бейне салуға, жағу басу арқылы жалпақ және жуан із қалдыруға көлденеңнен жағыс әдісін пайдалануға үйрету. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, сары, қызғылт сары түсті гуашь.	1
	III - апта	Тәрелкені әшекейлеу.	Балаларды белгілі бір тұтынатын бұйымдардың пішініне сәйкес ою –өрнектермен тәрелкені әшекейлей білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды, нүкте арқылы ою жасауды, әсемдікті қабылдай білуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі.	1
	IV -апта	Қандай заттың пішіні шаршыға ұқсайды?	Шаршы пішіндес заттардың суретін салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, ой қиялын дамыту, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Жан-жақтылыққа тәрбиелеу	Шаршы тәріздес телидиджар формасы, құстың ұясы, орамал т.б. заттардың суреті, сурет дәптер бояу, қылқалам.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
Ж е л т о қ с а н	I -апта	Ақша қар.	Қардың жауып тұрған бейнесін бере білу. бұлттардың суретін салу үшін суық түстерді таңдап алу. Қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру. Әсемдікке тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, сүлгі, гуашь.	1
	II -апта	Торсықты әшекейлейміз.	Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, заттардың пішіні, олардың құрылымы, өрнек элементтерінің орналасуына көңіл бөлуді үйрету, сурет салудың дәстүрден тыс әдістері; дымқыл және құрғақ қылқаламмен сурет салу әдісімен таныстыру. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, сары, қызғылт сары түсті гуашь.	1
	III - апта	Біздің әсем шыршамыз.	Жаңа жылдық шыршаның бейнесін сала білуге үйрету, шыршаның бұтақтары мен оның тікендерін көлбеу сызықпен үзіліссіз сызып салуға жаттықтыру, қосымша өз бетінше шыршаға ойыншықтар салдыру, түстермен ырғақты сезіне білуге үйрету. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі.	1
	IV -апта	Түрлі түсті үшбұрыштар.	Үшбұрышты заттарды ажырата білуді үйрету, кеңістікті, түстерді сезіне білуді, шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу.	Түрлі-түсті үшбұрыштың суреті, сурет дәптер, бояу, қылқалам.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
Қ а ң т а р	I -апта	Көңілді аққалалар	Аққала суретін салу үшін суық түстерді-көгілдір,қара көкті таңдап алу қажеттілігін үйрету.Қылқаламды әртүрлі-қатты,ақырын басып,жуан,жіңішке із түсіру,дөңгелекті үзіліссіз салуға жаттықтыру,балалардың көзбен мөлшерлеуін,байқампаздығын дамыту.	Жұмыс дәптер,бояу, қылқалам,су,сүлгі, гуашь.	1
	II -апта	Қысқы көрініс.	Көрініс,көкжиек,кеңістік туралы түсініктерін бекіту,суретке байланысты жағымды көңіл-күй туындату,жеңіл сүйкей жағу тәсілімен оңнан солға қарай бояуға дағдыландыру.сурет салуда қылқаламмен жұмыс жүргізудің әдіс-тәсіліне көңіл бөлу,жыл мезгілінің ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, гуашь бояулары,қылқалам,су.	1
	III- апта	Атамның тақиясы.	Қазақтың ұлттық бас киімі-тақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту,ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп,қабылдай білуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі.	1
	IV-апта	Теңіздегі кит.	Бояуды дұрыс таңдауға,ұқыпты жұмыс істеуге үйрету.Қылқаламды дұрыс ұстау дағдысын меңгерту.Әсемдікке ,әдемілікке тәрбиелеу.	Сурет дәптер ,бояу, су,сүлгі,қылқалам.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
Ақпан	I -апта	Шана	Үлгі бойынша заттық сурет салуда, шананың суретін салуда балалардың сызықтарды үйлестіре отырып бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, түзу сызықтар сыза білуге, іскерлікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі, гуашь.	1
	II -апта	Қысқы табиғаттағы шыршалар	Қырау жапқан әртүрлі ағаштардың суретін салуға үйрету, аралас техникамен жұмыс істеуге баулу, түрлі бейнелеу құралдарымен жұмыс істеу. Алыс және жақын орналасқан шыршалардың бейнесін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, гуашь бояулары, қылқалам.	1
	III- апта	Әжемнің қамзомы	Қазақтың ұлттық бас киімі-қамзолмен таныстыру және ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру және көркемдік талғамын дамыту. Өрнектерді дұрыс орналастыра білуге үйрету. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі. Қамзолдың суреті.	1
	IV-апта	Сүйікті ойыншығым	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, белгілі бір бейне жасауда түстердің үйлесімдігін және заттардың суретін салуда ұсақ бөлшектерді ғана емес, олардың сипатына сәйкес ерекшеліктерін бере отырып, өз таңдауымен сурет салуға тапсырма беру. Ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа баулу.	Сурет дәптер, бояу, су, сүлгі, қылқалам.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
Н а у р ы з	I -апта	Алғашқы гүлдер	Қылқаламмен салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. Эстетикалық сезімін қалыптастыру, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі, гуашь.	1
	II -апта	Аквариумдағы балықтар	Аквариумдағы балықтардың ерекшеліктерін білуге, сурет салғанда бір бояудың үстіне екінші бояуды жағуға үйрету. Композиция құра білу дағдыларын қалыптастыру. Қиялын дамыту, бейнелерді қағаз бетіне түсірудің түрлі техникасын пайдалануға машықтандыру.	Жұмыс дәптер, қылқалам, гуашь бояулары, қылқалам.	1
	III - апта	Сырмақтың әшекейлейміз.	Қазақтың сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру, түстік үйлесімділікті сезінуге, ою-өрнек элементтерінің жазықтықта дұрыс орналасуын ағаруды, әртүрлі әдіспен сурет салуды үйрету.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі. Сырмақтың суреті.	1
	IV -апта	Күннің мол шуағы.	Балаларды жылы түстер реңктерімен таныстыру, әрбір түстің қандай мінез құлықты, көңіл күйді білдіретінін, түсті бейнелейтін заттың сипатына қарай қолдану керек екенін түсіндіру, нәзіктікке тәрбиелеу.	Сурет дәптер ,бояу, су, сүлгі, қылқалам.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
С ә у і р	I -апта	Менің мысығым	Мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы салу, дене бөліктерін ретімен сызу жолдарын үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, ой қиялын дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі, гуашь.	1
	II -апта	Алма ағашының гүлдері.	Ағашты салуды естеріне түсіру, қылқаламмен сурет салуда қарапайым қозғалысты нақты бере білу, түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіру. Эстетикалық сезімдерін қалыптастыру, композиция құра білуге үйрету.	Жұмыс дәптер, қылқалам, гуашь бояулары, қылқалам.	1
	III- апта	Ұлттық баскиімді әшекейлейміз.	Ұлттық баскиімдерді ажырата білуге, ою-өрнек элементтерін үшбұрышқа орналастыра білуге үйрету, көз мөлшерін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі. Сәукеленің суреті.	1
	IV-апта	Мені қызықтыратын жануар.	Үй жануарларымен таныстыруды жалғастыру, геометриялық пішіндер арқылы және «жапырақ» тәрізді бейнеге келтіру әдіс-тәсілін пайдаланып, қойдың суретін сала білуге үйрету. Қол қимылдарын, ойлануға, қиялын дамытуға тәрбиелеу.	Сурет дәптер, бояу, су, сүлгі, қылқалам.	1

Айы	Апта	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекі құралдары	Сағат саны
М а м ы р	I -апта	Түрлі-түсті шарлар.	Балаларға сурет салуды үйрету, пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету, жоғарыдан төмен қарай сызу арқылы суретін салуды, қылқаламмен жұмыс жасауды үйрету. Достыққа , әдемілікке тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі, гуашь.	1
	II -апта	Отшашу.	Жеңіс мерекесі туралы түсінік беру, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білу. Отшашу сурет салу және шығармашылық қабілетін дамыту, Үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, қылқалам, гуашь бояулары, қылқалам.	1
	III- апта	Алжапқышты әшекейлейміз.	Сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын арттыру, алжапқыштың жиегіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге үйрету. Ою өрнекке мән беру арқылы көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.	Жұмыс дәптер, бояу, қылқалам, су, сүлгі. Алжапқыштың суреті.	1
	IV-апта	Табиғат аясында.	Көрініс, көкжиек, кеңістік туралы түсініктердің бекіту. Жыл бойындағы жұмыстардың нәтижесіне баға беру, өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру, қиялын дамыту, табиғаттың келбетін, әр жыл мезгілдерінің ерекшеліктеріне тән белгілерді ажырата білуге, пейзаж, композиция, түс және эстетикалық қабылдау сезімдерін дамыту, іскерлікке тәрбиелеу.	Жыл мезгілдері көріністері. Сурет дәптер , бояу, су, сүлгі, қылқалам.	1

